

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

1. Minors H.J. Music, Text and Translation. - 1 ed. - London: Bloomsbury Publishing, 2013. - 242 p.
2. Усенбек Л.Т. Translation features of lyrics from English to Russian // Молодой ученый. - 2019. - №17(255). - С. 267-269
3. Low P. Translating Song Lyrics and Texts. - 1-st ed. - London: Routledge, 2016. - 140 p.
4. Бархударов Л. С. Язык и перевод: вопросы общей и частной теории перевода / Л. С. Бархударов. – Москва: Междунар. отношения, 1975. – 240 с.
5. Ребко А.В. Проблемы перевода безэквивалентной лексики с русского языка на английский // Язык и литература. - Минск: БДУ, 2019. - С. 132-136.

ЭОЖ 81`364

КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР

Булатова Аружан Нұржанқызы, Кенжебек Нұрай Жанатқызы
aruzhan.bolatova.03@bk.ru, nuraykenzhebek8@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
 3-курс студенттері, Астана, Қазақстан
 Ғылыми жетекшісі - Ph.D докторы Н.Жұмай

Көркем аударма дегеніміз – бұл көркем туындылар аудармасы. Аударманың бұл түрімен айналысатын аудармашының негізгі міндеті – түпнұсқаның көркемдік эстетикалық рухын жеткізу, аударма тілінде құнды көркем мәтін жасай білуі. Аудармашы осы мақсатына жету үшін аударылатын мәтіннің жекелеген бөлшектерін ала отырып, түрлі амал-тәсілдер қолдана алады.

Көркем әдеби стилінің көркемдік, тілдік ерекшеліктері аударма әдеби туындыға да тән. Белгілі бір халықтың тілінде жазылған әңгіме, повесть, роман – сол халықтың ұлттық көркем өнер туындысының эстетикалық функциясы, прагматикалық сипаты – баршасы тілді қолданушы халықтың рухани-мәдени ұлттық танымының үдесінен шығуды көздейді. Көркем аударманың тілі де сол мақсатқа бағындырылады.

Ең алдымен аударманы жасау үшін, теориялық негізін құру үшін де маңызды мәселе оның аударылу амал-тәсілдері болып табылады. Аударматану ғылымында бұл туралы көптеген пікірлер кездеседі.

Аударма трансформациясының типологиясын құруда зерттеушілердің әртүрлі пікірлері кездеседі. Себебі аударма трансформациясы өте кең мағынаға ие. Соның ішінде В.Н. Комиссаровқа сүйер болсақ, өзгеру сипатына қарай аударма трансформациясы лексикалық, грамматикалық және лексика-грамматикалық деп бөлінетінін көреміз, яғни, тілдік жүйенің деңгейлерінің ажыратылуы негіз ретінде қабылданады. Лексикалық аударма трансформациясы түпнұсқа мен аудармадағы сөздер мен сөз тіркестерінің арасындағы формалық және мазмұндық қатынастарды сипаттау арқылы жүзеге асырылады. В.Н. Комиссаров лексикалық трансформациялар тобын өз ішінен формалық өзгертулер мен лексикасемантикалық ауыстырулар деп бөле отырып, трансформация/транслитерация және калькалаудың біріншісіне жататынын алға тартады.

Ал, лексика-семантикалық ауыстыруларға нақтылау, жалпылау және модуляция тәсілдері (мағыналық даму) жатады. Зерттеуші сөзбе-сөз аударма, сөйлемнің бөлшектенуі, сөйлемдердің бірігуін және грамматикалық ауыстыруларды грамматикалық трансформацияның жиі кездесетін түрі ретінде қарастырады. Ғалымның пікіріне сүйенсек, түпнұсқаның синтаксистік құрылымдары лексикасы сияқты өзгертін аударма трансформациясының ерекше тобына жатады. Лексика-грамматикалық трансформацияның кең тараған түрлеріне антонимиялық аударма, сипаттама аударма және компенсация тәсілдері жатады [1, 171].

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақ жазушыларының көптеген шығармалары, атап айтқанда, М. Әуезовтің «Қаралы сұлу», «Көксерек», «Қаракөз» т.б. туындылары ағылшын тіліне аударылды [2]. Біз қарастырып отырған көркем аудармадағы лексика-грамматикалық трансформацияларды осы аталған қазақтың классик жазушысы М. Әуезовтың «Көксерек» атты әңгімесін талдау негізінде көрсетуге тырыстық. «Көксерек» әңгімесінің ағылшын тіліне аталған мемлекеттік бағдарлама аясында аударған аудармашы – С. Гейган мен С. Холлингсворт болып табылады. Талдау барысында С.О. Чоракаев жасаған «Көксерек» шығармасының аудармасы назарға алынды [3].

Біз осы аталған әдеби шығарма аудармаларын талдай отырып, жалпы трансформация түрлерінің көп кездесетініне көз жеткіздік. Екі аударма да аралық тіл, яғни орыс тілі арқылы ағылшын тіліне аударылғандықтан, аудармадағы шығарманың кейбір тұстары түпнұсқадан алшақтап, онда қолданыс тапқан тіл көркемдігі толығымен жеткізілмей қалған.

Шығарманы талдау барысында біз жиі кездестірген аударма тәсілінің бірі – реальный сөздер аудармасы болып табылады. Мысалы: *ауыл – aul, киіз үй – юрта – yurt*.

Жер-су атаулары, адам аттары, яғни жалқы есімдер көбінесе транскрипция, транслитерация амалдары арқылы берілген. Мәселен, *Құрмаш – Kurmash, Аққасқа – Akkaska*. Осы тұста орыс тіліне аударуда қате кеткендіктен, ағылшын тіліне де қате аударылған оним сөздер де жиі кездеседі. Мысалы, *Бөгембай* есімі орыс тіліне *Богамбай* деп аударма жасалынған. Осының әсерінен С.О. Чоракаев аудармасында *Bogambai* болып кеткен. Алайда, ағылшын тіліндегі аудармасы түпнұсқаға барынша жақын етіліп, *Bogembai* деп берілген.

Шығармада көп кездесетін Көксерек атауы транслитерация әдісімен де, калькалау арқылы да берілген. *And Kurmash called his favorite Kokserek. But it seemed that Fierce-Gray understood, what they were talking about him.* С.О. Чоракаев калька арқылы Fierce-Gray деп аударса, С. Гейган, С. Холлингсворт Savage Gray аудармасын берген. Fierce мағынасы жағынан «қаһарлы» дегенді білдірсе, savage «жабайы» деген ұғымды береді, яғни жалпы шығарма бойынша, Көксеректің суреттелуі бойынша екінші аударма сәйкес келеді.

Қара адыр сөзі географиялық атауды білдіретініне қарамастан, орыс тіліне калька арқылы *Черный Холм* деп аударылды. Сол себепті ағылшын тіліндегі аудармаларында да *Black Hill* деп берілді. Бұны қате деп санау орынды, себебі транслитерация арқылы аударылуы қажет деп есептейміз.

«Көксерек» шығармасында қолданылған трансформациялар әдісінің түрлері көп. Аудармаларды талдай отырып, бірнеше лексика-грамматикалық трансформация мысалдарды келтіруге болады.

He couldn't see yet, and he had already grown fangs, said the grandmother. The moment he can stand on his feet he will flatten back his ears like all wolves do [4; 82].

He hasn't grown to full size yet, but when his fangs are fully grown, he'll be pinning his ears back and snapping at us before he even gets on his own two feet, the grandmother warned [3; 62].

Көзі ашылған жоқ деген сөз тіркесін С.О. Чоракаев аудармада *couldnt see yet*, яғни әлі көре алмады деп сөзбе-сөз аударды. Ал екінші аудармада модуляция әдісі қолданғаны көріп отырмыз. Себебі *hasn't grown to full size yet* сөзбе-сөз аудармасы өзінің толық қалпына дейін өскен жоқ, сондықтан *көзі әлі көрмейді*. Осында себеп-салдарын байқай аламыз.

Ертеңіңе түсте жат иіс шықты, алыстан әлде қандай дабырлаған дауыстар естіліп, жақындап келе жатты [4, 9].

The next day, when the sun was high, she-wolf sensed from a distance a resistant, thick smell of horse [4, 81].

Бұл сөйлемді аудару барысында «әлде қандай дабырлаған дауыстар естіліп» деген аттың шауып келе жатқанын білдіретін бөлікті түсіріп тастап, оның орнына «a resistant, thick smell of horse» деп компенсация жасалынды.

Ін үстіне мүйіз тұяқтар тасырлап дүбірлемін келді, айқай-дабыр молайды [4; 9].

The horsemen gathered in a group right before the lair and got off their horses [4; 81].

The men rode up to the lair and jumped from their horses [3; 61].

Осы сөйлемді аудару барысында біз нақтылау және компенсация қолданылғанын байқай аламыз. Бірінші аудармада салт аттылар келгенін нақтылап айтып тұр, яғни сөзбе сөз аударма орын алған жоқ. Ал екінші аудармада жалпы мағынасында адамдар деп қалдырды. Атап өткендей, екі аудармада да компенсация жүзеге асқан. Аударманың екі нұсқасында да their есімдігі нақтылау үшін қолданылған.

Қасқырың болса қайтейін, менің қара ала төбетім бір-ақ бұран соғады. Арашаламасаң, алдақашан өлтіріп тастар еді [4; 11]

What is your gray with a lippy tail! My black and piebald will twist him all at once, just give it to him! [4; 83]

Бұл жерде антонимдік аударманың жүзеге асқанын көріп отырмыз. «Арашаламасаң» деген сөзбе сөз «If you don't interfere» деп емес, «just give it to him» деп аударылған. Сөзбе сөз аударсақ «оған берсең» яғни мұрша берсең деген мағынада жұмсалып тұр.

Жас шөптер басылып, тапталып қалған [4; 8].

The wolves' paws soon tramped down the rummaged earth [4; 80].

Their paws soon packed down the freshly burrowed earth [3; 59].

Осы сөйлемді талдау барысында грамматикалық ауыстыруларды байқай аламыз. С.О. Чоракаев аудармасында wolves зат есім болып тұр. Ал осы зат есім С.Гейган мен С. Холлингсворт аудармасында their деп есімдікке айналды. Бұл тәсілді бір сөздің көп қайталануынан алшақ болу үшін қолданған деп түсінуге болады.

Түү, мына кәпірдің екі көзі жап-жасыл боп кетіпті-ау, тұқымын сезген екен мына жүзіқара; қой, балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық [4; 17].

Wow! This is a breed - said Kurmash's father. - The eyes of the beast are green-green, glowing during the day. It is time, my son; it's time to strip off his skin [4; 87].

Бұл аудармада түсірулер орын алғанын көріп отырмыз. «Кәпір», «мұны өлтіріп», «жүзіқара» деген нақтылаулар аудармада түсіп қалған.

Лексикалық трансформациямен тудыратын 3 себеп сәйкестіктегі айырмашылық болып табылады. Сөздер сәйкестігі олар білдіретін түсініктердің сәйкестігі барысында орын алады. Әр тілде сәйкестік әр түрлі болады және бір тілде мүмкін нәрсе, екінші тілде қолданылмауы мүмкін.

Әр тілде өзіндік ұқсас сәйкестік нормалары болады. Әр тіл сол тілде сөйлейтін және оның нормаларын бұзбайтын адамдар үшін түсінікті, шексіз көп және сәйкестіктерді тудыра алады. Әр тілде бекітілген, дәстүрлі сәйкестіктер шеңбері бар, ол өзге тілдің сәйкес шеңберімен бірдей болмайды. Мысалы: trains run - поездар жүреді, rich feeding - көп тамақ.

The air was rich with the scent of the summer flowers

Ауа орман гүлдерінің хош иісіне толды.

Labour party protests followed sharply on the Tory With Spain [6]

Испаниямен консервативті үкімет туралы келісімнен кейін Лейбористер партиясының қарсылығы орын алды.

Сөздің семантикалық көлемі неғұрлым кең болса, соғұрлым оның сәйкестігі де кең болады, өйткені осыған қарап ол әр түрлі байланыстарға түсе алады. Ал бұл өз кезегінде аудармада оның берілуінің мүмкіндіктерін кеңейтіп, әр түрлі аударма нұсқаларын кеңейтеді.

Әр тілге үйреншікті болып келген (usage) сөзінің қолданылуы орасан маңызға ие. Ол берілген тіл тарихының дамуы мен оның лексикалық жүйесінің құрылуына байланысты болады. Әр тілде өзіндік клише, сөз бен сөз тіркесінің дайын формулалары қалыптасқан және сол тілде сөйлеушілер оларды үнемі қолданады.

Соңғылары фразеологиялық бірліктер емес, бірақ өзге фразеологиялық бірліктер мен тұрақты сөз тіркестеріне қарағанда аяқталған мағынаға ие. Осы фразеологиялық және тұрақты сөз тіркестеріне қарағанда қосымша сөздерді қосқанда немесе компоненттерін ауыстырғанда беретін мағынасы бұзылмайды.

Мысалы:

The city is built on terraces rising from the lake [7].

Қазақ тілі үшін дәстүрлі қолдану:

Қала көлге түсер беттегі террасада орнатылған.

He wrote under several pseudonyms any of his essays appearing over the name of Little Nell.

Ол әртүрлі лақап аттармен жазды, оның көптеген шығармалары лақап атпен пайда болды, соның бірі – «Кішкентай Нелл».

Дәстүрлі түсінуге клишелерді- бұйрықтар, өкімдерді жатқызуға болады:

Never drink unboiled water.

Ешқашанда қайнатылмаған суды ішпеңіз.

No smoking.

Шылым шегуге болмайды.

The New Zealand earthquake was followed by tremors lasting an hour. No loss of life was reported [6].

Жаңа Зеландиядағы болған жер сілкінісінен кейінгі бір сағаттын ішінде қозғалыстар сезілініп жатты. Көз жұмғандар болған жоқ.

Мысалдардан көрініп тұрғандай, аудармада сәйкес дәстүрлі сәйкестіктер, орыс тілінің дайын клишелерін қолданған.

Көркем аударма – әдебиетті жақындастыратын өнердің бірі. Осыған сәйкес, классик суреткер М. Әуезов бір сөзінде: «Аударма бір жағынан шеберліктің де мектебі. Аудару үстінде жазушы автордың шығармашылық сырына қанады, оның көргенін көріп, білгенін біледі, сол арқылы өзінің ой өрісін ұлғайтумен қатар, авторша машықтанып үйренеді. Бұл жағдай шын талант иесінің бойынан шығармашылық қайнардың жаңа көздерін ашуға себепші болады» [5; 46] дейді, яғни көркем аударма жасау үшін тек тілді жетік меңгеріп қана қоймай, сол халықтың табиғатын, мәдениетін, өмір сүру салтын түсінген абзал. Сонымен қатар көркем аудармада тәсілдердің дұрыс әрі ұтымды пайдалану маңыздылығына көз жеткіздік. Трансформацияларды қолдану тек дұрыс аударуға ғана емес, айтылып тұрған ойды өзіндік бояуымен, реңкін келтіріп аударуға көмектеседі.

Алайда бұл тақырыпты талдай отырып, дәнекер тіл арқылы жасалған аудармаған қандайда болсын өзгеріске, семантикалық жоғалтуларға ұшырайтынына куә болдық. Көркем аударма жасау барысында түпнұсқа елінің мұрасы, табиғаты, мәдениетімен танысып алған абзал. Көркем аударма кез келген адамның қолынан келе беретін іс емес. Аудармашы екі тілді жетік білумен қатар әрі жазу қабілеті бар, аялық білімі мол болуы керек. Аударма сапасы оның талантына, біліміне, мәдени дәрежесіне, тәжірибесіне байланысты. Түпнұсқаны дұрыс жеткізу үшін аудармашы ерекше сезімталдық, зеректілік, білімге ие болуы керек деп есептейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Комиссаров В.Н. Теория перевода (лингвистические аспекты) / В.Н. Комиссаров. — М.: Вышш. шк., 1990. — 253 с.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру [Электрондық ресурс] / Н.Ә. Назарбаев. — Астана, 2017. — Қолжетімділік тәртібі: <http://www.akorda.kz>
3. Auevov M. Beauty in mourning / M.Auevov. — Translation by S. Geoghegan, S. Hollingsworth. — London: Russell Press, 2017. — 412 p.
4. Ауезов М. «Көксерек» (на казахском, русском, английском языках) / М. Ауезов. — Алматы: Жеті жарғы, 1997. — 112 с.
5. Әуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері // Қазақ әдебиеті, 1955, 7 қазан.
6. “Morning star” журналы (1973ж)
7. “The Times” журналы (1986ж)